

қалыптастыру дағдыларымен тығыз байланысты болғандықтан, қазақ тілін осы салаларға қатысты оқытудың басты-басты белгілеріне тоқталған жөн. Басқа ұлт өкілдерін қазақша сөйлеуге үйрету үшін фонетикалық, лексика, грамматиканы оқыту барысында оқушылардың білім дағдысын қалыптастыру мен жетілдірудің өзгешелігі бар. Бұл тілдік салалар мен материалдарды тізбектеп оқыта берумен емес, керісінше, олардың ішінен сөйлеуге қажетті ең керектілерін сұрыптап ала білумен, сөйлеу материалдарын танумен, оларды дұрыс қолданумен, сөйлеу әрекетінде тиімді пайдалана білумен ерекшеленеді [4].

Сөйлеуге үйретудегі негізгі мақсат тілдік материалдарды оқушыларға таныстыру емес, оларға фонетикалық, лексикалық, грамматикалық материалдардың қолданылу заңдылықтары мен амалдарын үйрету, оларды сөйлеу кезеңінде дұрыс жұмсауға дағдыландыру екенін естен шығармау керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Нағымжанова Қ. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың теориясы мен технологиясы. – Өскемен, 2007. – 97 б.

2 Әбілова З., Қалиева Қ. Этнопедагогика оқулығы. – Алматы: Қаз. ХҚ және ӘТУ-ті, 1999. – 394 б.

3 Шакенова А.М. Қазақша сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың кейбір жолдары (орыс аудиториясындағы қазақ тілі) [Электрондық ресурс]. – 2006. – URL:<http://orkeniet.vkgu.kz> (айналым мерзімі: 22.06.2017).

4 Оразбаева Ф. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 368 б.

FTAХР 16.31

А.О. Атейбек¹, Х.А. Ордабекова¹

¹Сулейман Демирел университеті, Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аңдатпа. Бұл мақалаға қазіргі қазақ жастарының сөйлеу тіліндегі ерекшеліктері мен ауытқулары мәселесі негіз болып отыр. Мақалада қазіргі қазақ жастарының сөйлеу тіліндегі кездесетін ерекшеліктер мен ауытқулардың тілдегі көрінісі айқындала отырып, оған әсер етуші факторлар жайында сөз қозғалады. Сондай-ақ, зерттеу жұмысы барысында жастардың күнделікті коммуникациясы кезінде байқалатын тілдегі

грамматикалық ауытқулары мен сөйлеу тілінде көрініс табатын ұлттық стереотиптер мәселесі де сөз болады. Жастардың сөйлеу тілінде туындаған бұл мәселе бүгін тек лингвистика үшін ғана емес, сондай-ақ, басқа да қоғаммен тығыз байланыстағы салалар үшін де өзекті. Себебі, кез келген индивидуум қоғамның бір бөлігі. Ал, қоғамдық өмірде тілдің қатынаспайтын жері болмайтыны белгілі. Қазіргі қазақ жастарының сөйлеу тіліндегі ерекшеліктер мен жаңа қолданыстар тіл біліміндегі ғалымдар назары ауа бастаған өзекті тақырыптардың бірі болып отыр.

Кілт сөздер: Жастардың сөйлеу тілі, сөйлеу әрекеті, ұлттық сөйлеу стереотипі, интеркаляция.

Аннотация. В данной статье рассмотрены особенности сленга и клише в разговорной речи современной казахской молодежи. В наши дни особый интерес вызывают вопросы развития социальных диалектов языка, стилистики и культуры речи. Молодежный сленг, как повседневный язык общения молодежи, является своеобразным показателем их уровня развития, интересов и вкусов. В статье также обсуждаются проблемы национальных стереотипов, интеркаляции, грамматические ошибки, которые встречаются в молодежном разговорном языке и факторы, влияющие на язык общения среди молодежи. На особенности молодежного разговорного языка влияют такие факторы, как уровень образованности, семья, воспитание, круг социального общения и т.д. Данная проблема является также объектом научных исследований многих общественных наук.

Ключевые слова: молодежный разговорный язык, речь, национальный стереотип, интеркаляция, сленг, клише.

Abstract. This article describes differences and deviations of Kazakh young generation's spoken language. Within this article it is being discussed the main factors of proposed above changes. Additionally, throughout this article it is being also discussed some grammatical changes among young peoples' spoken language and as well as national stereotypes. Nowadays changes in above mentioned spoken language and new approaches in spoken language has become the main issue among Kazakh scientists. Thus, considered above issue is important not only from linguistic point of view but also for number of other reasons. It is being so because everything and everyone is one the key elements of society.

Key words: young generation's spoken language, national speech stereotype, intercalation.

Ғылымның қай саласы болса да өз кезеңіндегі өзекті болған қоғамдық-әлеуметтік мәселелердің шешімін табар жаңа зерттеулерді

қажет ететіндігі белгілі. Заман талабынан туындаған мұндай сұраныс ғылым кеңістігінде жаңа бағыттардың алдыңғы қатарға шығуына септігін тигізеді. Бүгінгі таңда лингвистика саласында тілдің қоғамдағы көрінісі, оның ішінде қазақ жастарының сөйлеу тілі мен сөйлеу мәдениеті, тіл тазалығы, тілдің әлеуметтік саралануы, дамуы зертеушілер назарын аудартып отыр.

Ғылым мен техиканың дамуы, жаңа инновациялық дамулар жалпы қоғамдағы қарқынды өзгерістер тілдің қолданысы мен қызметіне де өз әсерін тигізуде. Қоғам үшін қызмет ететін сөйлеу тілі бүгінде айтарлықтай өзгеріске ұшырап отыр. Мұндай өзгерістер, әсіресе, жастардың сөйлеу тілінде көрініс табууда.

Жастардың табиғаты жаңашылдыққа, түрлі өзгерістерге, бұрын соңды болмаған тың дүниелерге құмар, әрі көптің назарындағы кейбір құбылыстарға еліктегіш келеді. Олар үнемі ерекше стильге ұмтылыс үстінде. Күнделікті қоғамда әрбір жас қыздың не жас жігіттің өзін өзгеден ерекшелеп тұратын жаңа бір типте көрінгісі келетіні байқалады. Жастардың бойындағы жаңашылдықтың көріністерін тек қана олардың киім киісінен, шаш үлгісінен, өзін-өзі ұстауынан ғана емес, сонымен қоса сөйлеу тілінен де байқаймыз. Осы көріністер арқылы жастардың таным түсінігі мен жалпы қоғамның тынысын біле аламыз.

Жастарды ауызба-ауыз сөйлеу үстінде сан түрлі қырынан тануға болады. Бірі қалыпты сөйлеу нормаларынан ауытқып, басы артық сөздерді пайдаланып жатса, екіншісі шет тілінен енген сөздерді күнделікті коммуникация барсында жиі қолданып жүр. Жастардың сөйлеу тіліндегі мұндай ерекше қолданыстарды көшеде, қоғамдық көліктерде, жастардың басқосуларында бірден байқауға болады. Жастар қауымы табиғи болмысынан өзгешелікке жақын келетіндіктен сырт елдердің стильтік ерекшеліктерін жылдам қабылдап, игеріп отырады. Сөз еткелі отырған жастардың сөйлеу тіліндегі тілдік ерекшеліктердің берең алуы да сол сырт елдермен тікелей байланысты. Себебі, елімізге көршілес не алыс елдердің мәдениеті келіп кіре бастағанда, міндетті түрде сол елдің тілі де қатар кіріп, қоғамға өз әсерін тигізеді. Мәселен, орыс тілі қала жастарының тілдік қарым-қатынасы кезінде жиі қолданысқа түсіп жүр. Бұл, өз ретінде, орыс тіліне тән белгілердің ана тілімізге жат болса да кейбір дағдылары сөйлеу барысында еніп отыруына әсерін тигізеді. Бұдан бөлек, соңғы кездері ағылшын тіліне деген сұраныстың артуы, жаңа инновациялық технологиялардың пайда болуы, ғаламтор желілерінің кеңінен таралуы тілімізге жаңа терминдер алып келуде. Ағылшын тілінен келген жаңа қолданыстар жастар арасында тез қабылданып, күнделікті сөйлеу тілінде кеңінен қолданылып жүр.

Шет тілдерінің әсеріне тез ұшырап, жаңалықтардың жылдам қабылдап, өзгеріске бейім келетін көбіне қала жастарының тілі.

Жастардың сөйлеу тіліндегі ерекшеліктердің пайда болуына осы және өзге де әсер етуші факторлар бар [1].

Бүгінде үш тұғырлы тіл саясат негізінде барлық оқу орындарында ағылшын, орыс тілдеріне баса мән беріліп отыр. Техника мен ғаламтор желілерінің күннен күнге жаңарып, дамуының арқасында ағылшын тіліне деген сұраныс арта түсті. Әсіресе, жастар ағылшын тілін жаппай меңгеруде. Жастайынан шет тілдерді оқып үйренген кейбір қазақ жастары сол тілдің сөйлеу стереотиптеріне әбдеп дағдыланып, кейбір элементтері ана тіліне еніп кетіп жатады. Мәселен, ағылшындықтар сөйлеу әрекеті кезінде yes, oh, ok сынды сөздерді жиі қолданады. Ағылшын тіліндегі мұндай ерекшелікке дағдыланған жастардың сөйлеу тілінен аталмыш өзгешеліктерді байқауға болады [2].

Кесте 1.

Қазақ жастарының сөйлеу тіліндегі ұлттық стереотип көрінісі
(ағылшын тілі).

Ағылшын халқының ұлттық сөйлеу стереотипі	Қазақ жастарының сөйлеу тіліндегі көрінісі
Oh, hello!	Оооу, сәлем!
Ok, I will call.	Окей, хабарласамын ғой.
Sorry, I'm forgot it.	Сорри, ұмытып кетіппін.

Ғылым мен техника дамыған заманда жаңа технологиялар ойластырылып, соған сәйкес тілімізге жаңа терминдер еніп отыр. Мұндай шетелдік жаңа терминдерді компьютер жүйесінде, спортта, кинематография саласында, жарнама қызметінде т.б. салаларда кездестіріп жүрміз. Сонымен қатар, ағылшынша аталатын жаңа мамандықтар да жиі кездеседі. Мәселен, менеджер, риэлтор, мерчендайзер, эдвайзер, диллер, сикурити, хэд т.б

Ағылшын тілінің бүгінгі қоғамда кең тарап келе жатқандығы сол тілді жылдам үйренуге өзіндік пайдасының да барын айта кету керек. Ағылшын тілінің кең қанат жайуы соншалық, тіпті жастарының күнделікті сөйлеу тілінде жиі кездесуі қалыпты жағдай болып жүр. Жүргізілген тәжірибелер нәтижесінде жастардың сөйлеу тілінде жиі ұшырасатын мынадай ағылшын сөздерін байқадық. Мысалы: smile (смайлик) – күлімсіреу, like – ұнату, fake – жалған, шынайы емес, repost – қайта жариялау, manу - ақша, ok - жақсы, easy - оңай, stick (стикер) – жабысыру, қыстыру, make up – бет әрлеу, бояу жағу, hande made - колөнер, skrin – экран, smoking – ерлердің киім үлгісі, faste food – дайын тағамдар, no comment – айтарым жоқ, price list (прайс лист) – бағалар тізімі, т.б. [4].

Әрбір халыққа тән өзіндік ұлттық сөйлеу стереотипері болатындығы белгілі. Қазақ халқының сөйлесу стереотипі өзін-өзі ұстай білуі, шыдамдылық, сабырлылық, конфликтке деген бейімділіктің жоқтығы, эмоционалды жақтан өзін-өзі бақылауда ұстай білуі, сөйлеу этикетін ұстануға тырысу, жеке өміріне қатысты тақырыптардың

жабықтығы, кейде ашықтығы да орын алып жатады. Халқымыздың сөйлеу стереотипі белгілі бір ойды жұмсақ түрде жеткізу сынды тілдік белгілермен де ерекшеленеді.

Сонымен қатар, орыс халқы өз ойларын бекітуде, оны нақтылай түсуде, асыра айтуға бейім екендігі айқындалады. Мұны тілдік фактілер арқылы нақтылай түссек: Я абсолютно счастлива. Живу лучше всех. Я ответил вам предельно ясно. Он исключительно одаренный ребенок. Сондай-ақ, мұндай ерекшелікті орыс тілінің фразеологиялық жүйесінен «кричать во все горло», «бежать во весь опор», «стараться изо всех сил» де көруге болады.

Орыс тілінен бөлек мұндай тілдік ерекшеліктер ағылшын тілінен де байқалады. Ағылшын халқы көбіне өмірлік түрлі жағдаяттарға ерекше көңіл-күймен қарап, кез келген туындаған мәселелерді қиындатпай, керісінше жеңілдетуге тырысады. Осыған байланысты жастар арасында «өмірге ағылшындардың көз қарасымен қара» деген сынды түсінік қалыптасқан. Сондай-ақ, ағылшын халқынның тілдік стереотиптері мотивациялық негізде көрініс табатындығын және коммуникация барысында эмоцияларын жасырмай, айтылып отырған әңгіме тақырыбына беріле отырып әңгімеге эмоционалды-экспрессивті реңк беріп отырады. Ағылшындардың ұлттық сөйлеу стереотиптері қазақ жастарының сөйлеу тілінде айтарлықтай көп көрініс бермесе де, олардың сөйлесу үстіндегі бейвербалды амалдарын жастар сөйленісінен кездестіруге болады. Мәселен, сөйлесу үстінде қолмен сермеп сөйлеуі, түрлі жесттер қолдануы т.б.

Қазақ тілінде орыс және ағылшын халқына қарағанда ойды жұмсартып жеткізудің бірнеше тәсілдері қалыптасқан. Қазақ халқының сөйлесу стереотипінде орыс халқымен салыстыра қарағанда болжау, жобалау, шамалау, болшақтың еншісіне салу, тәуекел ету сынды тілдік бірліктермен ерекшеленеді [5]. Аталған үш халықтың тілдік стереотиптерін салыстырып көрсек.

Кесте 2.

Ұлттық сөйлеу стереотиптері.

Орыс халқының тілдік стереотиптер	Ағылшын халқының тілдік стереотиптер	Қазақ халқының тілдік стереотиптер
Я абсолютно счастлива.	Don't worry, be happy.	Өзімді бақыттымын деп ойлаймын.
Живу лучше всех.	I'm feel good.	Жалпы жағдайым жаман емес.
У меня все получится	I can do it	Шамам келсе жасаймын.

Байқағанымыздай, адам жанының ішкі күйі, сезімі әр халықтың түпкі болмысына сай сипатталып, әрбір тілде түрліше көрініс тауып отыр. Берілген мысалдарда орыс халқының тілдік стереотипінен өзіне деген сенімділік, нақтылық өзіндік бір мен байқалса, ағылшын халқының

тілдік стереотипінен көңіл-күйді барынша жеңіл әрі қарапайым қалпында жеткізу байқалады. Ал қазақ халқының тілдік стереотипінен шыдамдылық, сабырлылық, тұйықтық және қарапайымдылық байқалып тұр. Аталған тілдік стереотиптердің қалыптасуы сол халықтың өткен тарихына, шыққан тегіне, діни сеніміне тікелей қатысы бар. Ағылшын, орыс және қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, тәлім-тәрбиесі, наным-сенімі, тарихы мен өмір тәжірибесі әр түрлі болғандықтан, ақиқат дүниенің бөлігі болып табылатын дүниенің тілдік бейнесінде өзгешіліктер болатындығына көз жеткіздік.

Қазақ жастарының арасында кеңінен қолданылып жүрген шет тілдерінің бірі – орыс тілі. Орыс – тілі әлемдегі ең көп тараған тілдердің бірі. БҰҰ-ның ресми тілдерінің бірі болып саналатын орыс тілінің де ана тілімізге тигізер әсері жоқ емес. Көбінесе қостілді (орыс-қазақ) тіліді отбасынан шыққан немесе орта мектепте орысша білім алған қала жастары коммуникация кезінде орыс тілін белсенді түрде қолданып жатады. Күнделікті тілдік қарым-қатынаста көбіне орыс тілі қолданылатындықтан, жастар арасында сол тілге деген икемділік немесе белгілі бір сөйлеу дағдысы қалыптасқаны байқалады. Яғни, ана тілінде сөйлеу кезінде орыс халқына тән сөйлеу ерекшеліктері қазақ жастарының сөйлеу тілінде де кездесетіннің байқадық.

Кесте 3.

Қазақ жастарының сөйлеу тіліндегі ерекшеліктер (орыс тілі).

Орыс халқының ұлттық сөйлеу стереотипі	Қазақ жастарының сөйлеу тіліндегі көрінісі
Мы в одной группе учимся. Даа? Правда?	Біз бір группада оқимыз. Иаа? Шын ба?
- В этом году закончеваю университет - Даа? Так быстро?	- Биыл университет бітіремін. - Иаа? Қалай тез?
- А сегодня мы не куда не поедим. - А почему?	- А бүгін біз ешқайда бармайтын болдық. - А неге?

Орыс халқының ұлттық сөйлеу стереотиптерінің қазақ тілінде де ұшырасуы негізінен қала жастарының сөйлеу тілінен байқалады. Қала жастарының күнделікті қарым-қатынас жасауда орыс тілін жиі пайдалануы себепті сол тілдің тілдік ерешеліктеріне, сөйлеу әуезіне еліктеу орын алып отыр. Алайда, бұл жағдай ана тілімізге кері әсер етіп, оның дамуына кедергі келтіруде.

Қостілділік жағдайы сөйлеу тілімізге айтарлықтай әсерін тигізіп отырғанын байқайдық. Өзге тілдердің әсерінен болған жастардың сөйлеу тіліндегі ұлттық стереотиптердің көрінісінен бөлек фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерде кездесіп жатады. Мәселен, қазақ тілінде

етістік, баяндауыш сөйлемнің соңында тұрады. Ал орыс тілінде бұл модель керісінше. Екіші тілдің бірінші тілге әсерінен жастардың сөйлеу тілінде аталған модельдің өзгерген қалпы кездеседі.

Сондай-ақ, аудармалар жасауда синтаксистік бірлікті, сөздердің тіркесу тәсілдері мен амалдары, синтаксистік қызметі мен құрылымы, сөйлем ішіндегі оралымдар сынды тағы басқа да жақтары басшылыққа алынбай, тек лексикалық бірліктерді ғана негіз ретінде ұстану үстем болып барады. Екі тілдің өзіндік модельдерін сақтамағандықтан сөйлеу тілінде синтаксистік интеркаляция туындайды. Яғни, екінші тілдің бірінші тілге әсерінен, бірінші тілде синтаксистік нормалардың бұзылуы байқалады [6].

Бүгінде қазақ жастарының сөйлеу тіліндегі орыс тілінің әсерінен болған синтаксистік интеркаляция, көбінесе, қостілді отбасынан шыққан қала жастарының сөйлеу тілінде жиі кездеседі. Оны төмендегі кестеде берілген мысалдардан айқын байқауға болады.

Кесте 4.

Синтаксистік интеркаляциялар.

Орыс тіліндегі моделі	Синтаксистік интеркаляция	Дұрысы
Он сказал что придет.	Ол айтты келемін деп	Ол келемін деп айтты.
Можно войти?	Бола ма кіруге?	Кіруге бола ма?
Я думаю то это правильно. Д	Мен ойлаймын ол дұрыс деп.	Мен оны дұрыс деп ойлаймын.
Мы вместе смотрим сериалы.	Біз бірге караймыз сериалдарды. (Мен кино аз караймын)	Біз сериалдарды бірге көреміз. (Мен кино көп көрмеймін)
Я слушаю в основном рок музыку.	Мен тыңдаймын көбіне рок әндерді	Мен көбіне рок әндер тыңдаймын
У Ербола есть интересное история.	Ерболда қызық әңгімесі бар.	Ерболдың қызық әңгімесі бар.
Вот так наченается наш день	Солай біздің күніміз басталады.	Біздің күніміз солай басталады.

Берілген кестеден сөйлеу үстінде сөздер орыс тілінің моделі негізінде жасалып отырғанын байқаймыз. Бұл жағдай қостілді қала жастарының сөйлеу тілінде жиі ұшырасады. Коммуникация барысында жастар ана тіліне қарағанда орыс тілін жиі тұтынатындықтан, сол тілдің тілдік ерекшеліктеріне әбдеп машықтанып, ана тілінде сөйлеу үстінде автоматты түрде орыс тілінің модельдері еніп кетіп отыр. Сөйлеу тілімізде кездесіп жүрген бұндай құбылыстар құлаққа оғаш естіліп, ана тіліміздің құтын қашыруда.

Жаһандық үдерістер негізінде елімізге көршілес не алыс елдердің мәдениеті келіп кіре бастағанда, міндетті түрде сол елдің тілі де қатар кіріп, қоғамға өз әсерін тигізері анық. Аталған факторлар негізінде туындап отырған бұл мәселелер ана тіліміздің кең қанат жайып, дамуына кері әсер етіп отыр. Сөйлеу тілімізде көрініс тауып жүрген мұндай

құбылыстарды түбімен жоймасақ та, тіл тазалығын сақтап, сөз мәдениетін дұрыстап, ана тіліміздің қадірін қашырмағанымыз жөн.

Пайдаланған әдебиетер тізімі:

- 1 Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті. – Алматы, 2011. – 195 б.
- 2 Акимбекова Г. Сөйлеу мәдениетіне мән берсек // Ана тілі. – №34. – 28 тамыз - 3 қыркүйек. 2014. – Б. 2
- 3 Абнасырова Р.Ж. Қазақ орыс қостілділігіндегі интерференция көрінісі: Канд. дисс. автореф. – Алматы, 2010. – 24 б.
- 4 Сүлейменова Ә.Д., Шәймерденова Н. Ж., Смағұлова Ж. С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – Астана: Арман, 2008 – 392 б.
- 6 Уәлиев Н. Сөз мәдениеті / Н. Уәлиев.– Алматы: Мектеп, 1984.–107 б.

FTAХР 16.31

Ж.М. Полатова¹

¹Сулейман Демирел университеті
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕРДІ ЖІКТЕУДЕГІ ҒЫЛЫМИ ҰСТАНЫМДАР

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі көмекші етістіктерді зерттелуімен топтастырудың ғылыми – теориялық негіздері талданды. Қазақ тілі саласында көмекші етістіктер аз зерттелмеген. Біз қарастырып отырған ғалымдардың еңбегі соның бір дәлелі. Зерттеу мақсатымыз көмекші етістікті зерттеген ғалымдардың еңбектерін қарастырып, зерттеушілердің қай тұрғыдан қарастырғанын талдау. Қазақ тілі грамматикасында көмекші етістіктің сөйлемдегі қызметін тану, олардың ерекшеліктерін, сипаттарын ажырату қиын да маңызды мәселенің бірі. Көмекші етістіктердің қолданылу шеңбері де, жетекші етістіктерге қосатын семантикалық үлестері, түрлену жүйесі және басқа сипаттары да бәрінде бірдей емес. Мағынасында, функциясында, түрлену жүйесінде өзіндік ерекшеліктері бар. Сонымен қатар тілімізде атқаратын қызметі үлкен. Бұл тақырып тіл білімінде қазір де зерттеуді қажет етеді.

Кілт сөздер: етістік, көмекші етістік, лексика-семантикалық ерекшеліктер.

Аннотация. В статье анализируется классификация вспомогательных глаголов в казахском языке. В казахском языке есть